

«ТАБЛИҒИ ЖАМАҒАТ» ДІНИ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А. Алтайқызы

АНДАТПА

Ғылыми мақалада тәуелсіздік жылдары Орталық Азияда тараған ислами қозғалыстардың бірі «Таблиғи жамағаттың» ерекшеліктері қарастырылған. Автор діни қозғалыстың пайда болу тарихына тоқталады, сонымен қатар, басқа ғалымдардың теориялық және эмпирикалық зерттеулеріне сүйене отырып, оның қызметі, құрылымы, негізгі идеясы мен Орталық Азия аймағына тигізетін ықпалын түсінуге тырысады. Бұл зерттеуде қырғыз зерттеушісі, PhD Эмиль Нәсрітдиновтің Таблиғи жамағат туралы жеке эмпирикалық деректеріне негізделген мақала қарастырылады. Себебі автор діни ағымның сапарларына өзі тікелей тәжірибе жүзінде қатысқан, осы арқылы біз Таблиғи жамағат қозғалысы мен өкілдерінің табиғатын қатысушының көзқарасы арқылы түсіне аламыз. Бұдан бөлек, мақалада Байрам Балшы, Махеш Ранджан Дебат, Матейс Пелкманс, Иззет Ахмет Бозбей, Шусянь Тан есімді зерттеушілердің Орталық Азиядағы Таблиғи жамағаттың орны мен қызметі, сондай-ақ қозғалыстың жергілікті саяси контекстпен қарым-қатынасы туралы жазған еңбектеріндегі тұжырымдар сарап-талады. Осылайша, ғалымдардың теориялық және эмпирикалық еңбектерін талдау «Таблиғи жамағаттың» Орталық Азиядағы табиғатын екі көзқарас тарапынан айқындауға мүмкіндік береді. Бұндай тәсілдеме зерттеуде жасалған тұжырымдардың ғылыми объективтілігін арттырады.

Түйін сөздер: Таблиғи жамағат, Орталық Азия, діни қозғалыс, ислам, Үнді субконтиненті, ислами ағым, рухани номадизм.

Стэнфорд университеті,
Стэнфорд, АҚШ

Автор-корреспондент:
Алтайқызы А.,
aikerim.altaiqyzy@gmail.com

Мақаланың сілтемесі:
Алтайқызы А. «Таблиғи жамағат» діни қозғалысы және Орталық Азиядағы ерекшеліктері // Адам әлемі. – 2025. – №3 (103). – Б. 160-166.

Религиозное движение «Джамаат Таблиг» и его особенности в Центральной Азии

Аннотация. В представленной научной работе анализируются особенности одного из исламских движений, получившего распространение в странах Центральной Азии в постсоветский период, — «Джамаат Таблиг». Исследование включает подробный обзор истории возникновения движения, а также, опираясь на совокупность теоретических концепций и эмпирических данных, раскрывает его деятельность, организационную структуру, идейные установки и влияние на социально-религиозную динамику региона. Особое внимание уделяется труду кыргызского исследователя, PhD Эмиля Насритдинова, основанному на его собственных полевых наблюдениях в рамках участия в миссионерских поездках Таблиги джамаат. Такой подход позволяет реконструировать внутреннюю логику движения и его практики с позиции участника, что значительно обогащает эмпирическую базу исследования.

В аналитический обзор включены также выводы работ других авторов, в числе которых Байрам Балшы, Махеш Ранджан Дебат, Матейс Пелкманс, Иззет Ахмет Бозбей, Шусянь Тан. Их исследования рассматривают место и роль Таблиги джамаат в религиозном пространстве Центральной Азии, а также взаимосвязь деятельности движения с локальным политическим контекстом. Сопоставление личных полевых исследований с результатами предшествующих академических исследований позволяет рассмотреть феномен Таблиги джамаат в Центральной Азии в двух взаимодополняющих позиций — внутренней (участник движения) и внешней (научный наблюдатель). Такой комбинированный подход повышает степень научной объективности и аналитической надежности полученных выводов.

Ключевые слова: Джамаат Таблиг, Центральная Азия, религиозное движение, ислам, Индийский субконтинент, исламское движение, духовный номадизм.

Religious Movement «Tablighi Jamaat» and Its Features in Central Asia

Abstract. This academic article examines the characteristics of one of the Islamic movements that spread throughout Central Asia during the years of independence — «Tablighi Jamaat». The author meticulously examines the historical emergence of this religious movement, and, drawing on theoretical and empirical research by other scholars, attempts to understand its activities, structure, main ideas, and influence on the Central Asia region. The present article engages with a scholarly article by Emil Nasritdinov, a Kyrgyz researcher who holds a doctorate, on the Tablighi Jamaat. Given the author's direct involvement in the travels of the religious movement, an opportunity is presented to comprehend the nature of Tablighi Jamaat and its representatives from the perspective of a participant. Furthermore, the article undertakes a thorough analysis of the conclusions drawn by researchers such as Bayram Balysh, Mahesh Zanjani Debat, Matijs Pelkmans, Izzet Ahmet Bozbe, and Shuxiang Tan regarding the geographical presence and activities of Tablighi Jamaat in Central Asia, along with an examination of the movement's relationship's to the prevailing political environment in the region.

Consequently, an examination of theoretical and empirical works by scholars enables us to ascertain the nature of Tablighi Jamaat in Central Asia from two perspectives. This methodological approach serves to enhance the scientific objectivity of the conclusions derived from the study.

Key words: Tablighi Jamaat, Central Asia, Religious Movement, Islam, Indian Subcontinent, Islamic Movement, Spiritual Nomadism.

Kіpіcne

«Таблиғи жамағат» діни қозғалысы 1926 жылы Үндістан мемлекетінде қалыптасты, оның негізін Мәулана Мұхаммад Илияс есімді тұлға қалады. Ол ислами бағыттағы ағымдардың бірі болып табылады және негізгі идеясы Мұхаммед пайғамбар өсиеттеген діни тәжірибелерге мұсылмандардың қайта оралуын қолдауға бағытталған. Бұған қоса, қозғалыстың өкілдері мұсылман емес адамдарды монотеизмді қабылдауға шақыруды көздейді. «Таблиғи жамағат» діни қозғалысы өзін саяси емес құрылыс ретінде бейнелейді, сонымен қатар, жан-жақты әлеуметтік өзгерістердің негізінде жекелеген адамның рухани дамуы мен жолы жатыр деп санайды. Ағымның ізбасарларының саны өзгеріп отырады, басым бөлігі – Оңтүстік Азия тұрғындары. Қызметі мен ықпал ету аясы, көп жағдайда, күнкөрісі төмен, әлеуметтік жағдайы нашар топтарды қамтиды.

Соңғы онжылдықтарда гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар «номадизм» ұғымын дәстүрлі көшпелі өмір салты түсінігінен кеңірек шығып түсінуге талпынуда. Ғылыми тілге «виртуалды номад», «академиялық номад», «корпоративті номад» деген сияқты адам өмірінің кәсіби, мәдени немесе жеке салаларындағы сапарлар мен қоныс аударуды жеткізу үшін әртүрлі терминдер енуде. Мобильділіктің бұл формалары орын ауыстырып отырудың тұрақтылығын, сапарда өткізетін уақыттың маңызды бөлігін және жеке немесе ұжымдық бірегейлікке өзгерту күшін біріктіреді.

Бұл мақалада «Таблиғи жамағат» діни қозғалысын зерттей отырып, ерекше санат «рухани номадизмге» көңіл бөлу ұсынылады. Бұл ұғым жеке тұлғаның рухани дамуы мен діни қауымдастыққа тұрақты әсері бар діни мақсатта жүйелі түрде сапарлауды білдіреді. Дәстүрлі көшпелі өмір салты пасторалды халықтардың әлеуметтік құрылымдары, экономикасы мен дүниетанымын қалыптастырған сияқты рухани номадизм кеңістікпен, уақытпен және қауымдастықпен әрекеттесудің ерекше үлгілерін құрастырады.

Ислам дәстүрінде саяхаттау әрқашан маңызды болды, ол туралы Құранда да, хадистерде айтылған. Діни сапарлардың классикалық түрлері – қажылық (Меккеге баруға міндеттелген сапардың түрі), хижра (көші-қон), зиярат (әулиелердің мазарларына бару), рихла (діни білім алу үшін саяхаттау). Бұл тәжірибелер тек қана сенімді бекітіп қана қоймай, жол серік болып бірге әсер алу арқылы қияли идеологиялық қауымдастықтарды қалыптастырады.

Таблиғи жамағат – заманауи исламдағы рухани номадизмнің жарқын көрінісі. Оның негізгі қағидаты рухани тазару, діни білім алу және миссионерлік қызмет атқару үшін дағдыланған әлеуметтік ортадан уақытша шығу қажеттілігі. Тұрақты сапарлар рухани даму мен сенімді бекітудің міндеті элементі ретінде қарастырылады, олар әртүрлі санаттардан тұрады – әр ай сайын үш күндік, әр жыл сайын қырық күндік, өмірде кем дегенде бір рет төрт айлық сапарда болу.

Посткеңестік Орталық Азияда қозғалыс 1990 жылдардың аяғынан бастап тарады, әсіресе Қырғызстан мен Қазақстанда қолайлы орта болды. Сонымен қатар, аймақтың әртүрлі этникалық топтарының арасында қабылдау және тәжірибенің танымалдық деңгейлері әртүрлі болды.

Бұл зерттеуде қырғыз зерттеушісі, PhD Эмиль Нәсрітдиновтің Таблиғи жамағат туралы жеке эмпирикалық деректеріне негізделген мақала қарастырылады. Себебі автор діни ағымның сапарларына өзіндік тәжірибе жүзінде қатысқан, осы арқылы біз Таблиғи жамағат қозғалысы мен өкілдерінің табиғатын қатысушының көзқарасы арқылы түсіне аламыз. Автордың бақылауы мен талдауы бойынша, сапардың табиғилық үлгісі бұрынғы көшпелі халықтар (қырғыз, қазақ) арасында табиғи түрде қабылданады, ал отырықшы ұлттар (өзбек, тәжік) қарсыластық танытады. Бұл айырмашылықтар тек саяси шектеулермен және діни институттармен ғана байланысты емес, олардың тамыры мәдени санада, ауызекі дәстүрлерде және мобильділіктің тарихи үлгілерінде жатыр деп есептейді. Нәсрітдинов Таблиғи жамағат тәжірибелерінің тұлға мен қоғамға өзгертуші әсерін анықтай отырып, оларды рухани номадизм тұжырымдамасы аясында түсіндіреді. Сондай-ақ, Орталық Азияда тарихи көшпенділік мұрасымен Таблиғидің рухани номадизмімен қалай өзара әрекеттеседі және көне көшпенділер арасында қозғалыстың тартымдылығын қалай арттырады, діни өмірдің құрылымына қалай әсер етеді деген сұрақтарға жауап іздейді. Нәсрітдинов өзінің талдауында Қырғызстаннан Үндістанға Таблиғи тобымен жасаған қырық күндік сапары кезінде жинақтаған этнографиялық деректерді, Қырғызстан, Қазақстан және Ресейдегі жергілікті қауымдастықтарда жасаған бақылауларды, саяхаттардың ислам антропологиясы мен Орталық Азияда посткеңестік діни динамика бойынша теориялық материалдарды қолданады.

Бұдан бөлек, бұл мақалада Байрам Балшы, Махеш Ранджан Дебат, Матейс Пелкманс, Иззет Ахмет Бозбей, Шусянь Тан есімді зерттеушілердің Орталық Азиядағы Таблиғи жамағаттың орны мен қызметі туралы жазған еңбектеріндегі тұжырымдар сарапталады.

Әдіснама

Зерттеудің әдістемесі енгізілген бақылау, екінші реттік деректерді талдау және салыстырмалы тәсілді біріктіреді. Эмпирикалық қор Эмиль Нәсрітдиновтың далалық материалдарына негізделген, олар Қырғызстаннан Үндістанға жасалған Таблиғи жамағат миссионерлік сапарына қырықкүндік қатысу барысында жинақталған. Бұл күнделікті тәжірибелердің құрылымын, ішкі тәртіптің жүйесін және жергілікті қауымдастықтармен әрекеттесу үлгілерін айқындауға мүмкіндік береді. Контексті кеңейту және теңеу үшін Байрам Балшы, Махеш Ранджан Дебат, Матейс Пелкманс, Иззет Ахмет Бозбей мен Шусянь Танның жұмыстары қолданылды, ғалымдар қозғалыстың трансұлттық табиғатын, оның сая-

си және мәдени шарттарын қарастырады. Ішкі көзқарас (қатысушы тәжірибесі) пен сыртқы көзқарастың (академиялық интерпретациялар) салыстырмалы талдауы миссионерлік сапарлардың бір үлгісі Орталық Азияның әртүрлі мәдени және саяси контексттеріне бейімделетінін анықтауға жол ашты.

Негізгі бөлім

Ғалым Эмиль Нәсрітдиновтің «Рухани номадизм және Орталық Азия Таблиғи саяхатшылары (Spiritual Nomadism and Central Asian Tablighi Travelers)» [1] мақаласында Таблиғи жамағаттың негізін қалаушысы Мәулана Мұхаммад Илияс Кандехлавиды дәстүрлі ислам теологы (әлім) мен сопылық орденнің ізбасары тәжірибесін біріктірді деп сипаттайды. Оның ілімінің негізгі тезисі – әр дінге сенушінің жеке түзелу жолындағы амал-әрекетсіз мұсылманның рухани және өнегелік өрлеуі мүмкін емес. Ол адам пендешілік тірлік пен күнделікті тұрмыстық міндеттер ортасында тазарудан өте алмайды дейді. Мәулана Илиястың трансформация әдісі бойынша қалыпты өмір сүру контекстінен шығып діни ортаға уақытша енуді білдіреді. Оның көзқарасына сәйкес қалыптасқан үлгі бойынша әр топта 8-12 адам болады, олар бір мешіттен екінші мешітке қоныстанып отырады және әр мешітте 2-3 күн бойы уақыт өткізеді. Бағдарлама, әдетте, діни мәтіндерді ұжымдық оқу мен талқылаудан (тәлім), намаз оқудан, Құдайды еске салудан (зікір), миссионерлік қызметтен (ғашт), жергілікті тұрғындармен кездесулерден (зиярат) және тәлімгерлік әңгімелесуден (баян) құралады. Таблиғи жамағаттың құрылған уақытынан бастап бүгінгі күнге дейін сапар таблиғилық тәжірибенің орталық элементі болып табылады. Саяхат рухани мақсаттарға жетудің қосымша немесе факультативті компоненті емес, міндетті шарты есептеледі.

Таблиғилық сапарларды ұйымдастырудың түбегейлі мәселесі толықтай өзін-өзі қаржыландыру, яғни әр қатысушы сапарға жеке қаражатын бөледі. Бұл орталықтанған қаржы жүйесінің жоқ екенін көрсетеді және қатысу жеке қалау мен құрбандық амалы екенін білдіреді. Сапарға аттанар алдында үміткер шығындарды өтейтін қаржылай мүмкіндіктерін дәлелдеуі қажет. Алайда, ислам қауымдастықтарының ішінде өзара көмек пен қонақжайлық механизмдері жұмыс жасайды. Мәселен, Үндістанда жергілікті қатысушылар шеттен келгендерді аспен қамтамасыз етуді діни міндет деп қабылдайды. Бұл шығындарды үнемдеп, ұзақ сапарларды қолжетімдірек етеді.

Таблиғилық дүниетанымға сәйкес сапардағы жол – рухани және әлеуметтік уақиға, сәйкесінше оның екі мағынасы бар: физикалық – бір кеңістіктен екіншіге ауысу (қала, аймақ, ел); ішкі – пендешілік шаруалардан (бұл дүниенің күйбең тірлігі, материалдық орта) діни мазмұнға өту, яғни тұрмыстық қызығушылықтар мен құштарлықтардан және әлеуметтік рөлдерден уақытша бас тарту. Бұндай екіжақтылық таблиғилық түсінікті

«һижра» ұғымына жақындатады – діни сенім үшін көшіп отыру; ол бір уақытта кеңістіктегі және руханияттағы амал болып саналады.

Таблиғилық тәжірибенің ең маңызды принципі – сапарлардың өзгермейтін кестесі. Жол өмір салтының үйреншікті элементіне айналу үшін қатысушы кез келген жағдайда дайын болуы тиіс. Бұл рухани номадизмнің жалпы логикасына негізделген: тек қайталанатын және тұрақты орын ауыстыру ғана қатысушының ішкі жан дүниесі мен әлеуметтік тәжірибелерін өзгерте алады. Жүйелі сапарлар өмірдің барлық салаларына әсер етеді: кәсіп таңдау – күнделікті уақыт кестесінің икемділігі үшін көп адамдар сауда немесе өзін-өзі қамтушы салаларға ауысады, отбасылық міндеттер құрылымы (әйелдер үшін «мастурат» ұйымдастыру), қауымдастық ішіндегі әлеуметтік дәреже.

Нәсрітдинов сапардың мақсаты – қатысушының ішкі өзгерісі, ал миссионерлік белсенділік сол мұратқа жету құралы ретінде қарастырылады дейді. Бұл өзгеріске бірнеше факторлар алып келеді: 1) дистанция – үй мен пендешілік ұсақ дүниелерден физикалық түрде алшақтау өмірді тұтас көруге мүмкіндік береді, автордың сөзімен айтқанда, жолда адам өз өмірін суреттен алшақтаған суретші ретінде көреді; 2) жалғыздықтағы уақыт – әр пункт арасындағы үзілістер, тыныштық пен жолдар ойлануға (муракаба) мүмкіндік береді; 3) сапарлардың ұзақтығы – қысқа мерзімді саяхаттар алғашқы жеңіл әсер береді, терең өзгерістер қырық күндік және одан ұзақ бағыттарда болады; 4) физикалық сынақ – еденде ұйықтау, суық сумен дәрет алу, жаяу өткелдер құдайшыл жолда шыдамдылықты дамытады және сенімді бекіте түседі.

Сапар діни білімді күнделікті өмірде тікелей қолданумен байланыстырылады. Таблиғилық жамағатта әр 3-4 сағат сайын «тәлім (Құран мен хадистерді оқу)» және «музакир (сүннетті қайталау)». Білім абстрактілі болып қабылданбайды, ол өмірді діни нормаларға сәйкес реттеуге арналған құралға айналады. Ал сапар кезіндегі аскетизм жағдайы, яғни шектеулі заттар мен минималды жайлылық материалды игіліктердің құны өзгермелі екенін сездіреді. Ғалымның өзі оны былай деп сипаттайды: жолда жайлылық болмаса да өмір мазмұнды бола алатынын түсінесің. Бұл жерде сопылық дәстүрге сай идея көрініс тапқан – мақсат бұл дүниенің құндылықтарынан толықтай бас тарту емес, оған берік діни сеніммен оралу, яғни дүниеде өмір сүру, бірақ дүние үшін емес.

Нәсрітдинов жолда мәдени шекаралар жойылады, біз бір-бірімізді бір үмбеттің бөлігі ретінде көреміз дейді. Үздіксіз бір жерден екінші жерге жылжып, әртүрлі мешіттерде болу көлемді әлеуметтік байланыстардың қалыптасуына алып келеді. Әр ұлттардың өкілі саналатын мұсылмандарды кездестіру этникалық және әлеуметтік кедрерлерді жояды. Осылайша, қатысушылар тәзімділік пен ұжымшылдыққа үйренеді. Сонымен қатар, сапардың тағы бір аса маңызды күтілетін нәтижесі – барлығы тек бір Алланың құдіретімен болатынына сенімді бекіте түсу.

Автор 1990 жылдардың аяғында Таблиғи жамағаттың Орталық Азияда таралуы оның аймақтағы әртүрлі елдер мен этникалық топтар арасында қабылдануы мен танымалдылығында айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетті дейді:

Қырғызстанда қозғалыс ерекше қолайлы жағдайда тарады. Көрші мемлекеттермен салыстырғанда саяси либерализмнің үйлесуі мен ресми ислам институттарының қалыптасуының төмен деңгейі қатысушылар санының жылдам өсуіне негіз қалады. Ал Қазақстанда қатаң саяси режимге және «Таблиғи жамағаттың» қызметіне ресми түрде тыйым салынғанына қарамастан, қозғалыс әсіресе этникалық қазақтар арасында кең тарады. Бхопалда (Үндістан) өткен үлкен жиында (ижтема) қазақ топтары ТМД елдерінен келген қатысушылардың шамамен 70%-н құрағаны байқалды. Ал Өзбекстан мен Тәжікстанда да бұл қозғалысқа ресми түрде тыйым салынған және қудаланады. Алайда, саяси репрессия факторы бұған жалғыз түсініктеме емес. Мысалы, Қырғызстанның едәуір бөлігі өзбектер тұратын оңтүстік аймақтарында да «Таблиғи жамағат» бірдей саяси ортаға қарамастан қырғыздармен салыстырғанда азырақ қатысады/қызығушылық танытады.

Зерттеу авторы бұндай айырмашылықты өңірдің байырғы көшпелі және отырықшы халықтарының арасындағы мәдени-тарихи ерекшеліктері арқылы түсіндіруді ұсынады. Кеңестік дәуірге дейін өзбектер мен тәжіктердің қалалар мен оазистерге (Бұқара, Самарқанд, Хиуа) шоғырланған дәстүрлі ислами білім беру жүйесі дамыды, діни өмір ғұламалардың тікелей жетекшілігімен мешіттер мен медреселер желісі арқылы реттелді. Ал қырғыздар мен қазақтар, керісінше, бақташылық-көшпелі өмір салтында тіршілік етті және ғұламалардың қалалық орталықтары оларға көп жағдайда қол жетімсіз болды. Екі халықтың исламдануы негізінен сопылық дәруіштер мен кезбе шейхтер арқылы жүзеге асырылды, олар үшін физикалық және рухани мәні бар жол діни тәжірибенің орталық түсінігі/амалы болды. Сопылық бауырластықтарда ресми білімге емес, зікірге, медитацияға, тәлімгерлік пен сапарларға мән берілді. Канондық жазбаларға жұмсағырақ діндарлықтың бұл түрі қалалық білім берудің қатаң үлгілеріне қарағанда көшпелілердің өмір салтына жақынырақ болды. Көшпелілер мәдениетінің мобильділік, әлеуметтік-экономикалық рөлдердің икемділігі, ауызекі сөздің жоғары мәртебесі сияқты элементтері кеңес дәуірінің өзінде де қырғыздар мен қазақтар арасында сақталды. XX ғасырда отырықшы өмір салтына ауысқаннан кейін де көшпелі өмір салты мәдени санада сақталды және қозғалыстарға тез бейімделу дағдылары бірегейліктің маңызды бөлігі болып қала берді. Таблиғи жамағат тұрақты сапарға шығуға, білімді ауызша жеткізуге және тұрақты мекемелерге қосылмауға назар аударғандықтан, осы мәдени кодқа органикалық түрде сәйкес келді. Автор оған қатысты былай дейді: «Қырғыздардың

кең дамыған жазба дәстүрі болған жоқ, бірақ оларда әлемдегі ең ұзақ ауызша эпос – «Манас» бар, олар қашанда жақсы әңгімешіні жоғары бағалаған» [1, 165 б.].

Таблиғи жамағат негізгі қағидаларын өзгертпей сақтағанымен, ол жергілікті дәстүрлердің мықты жақтарын пайдалана отырып, әртүрлі мәдени контексттерге бейімделуге қабілетті: Үндістанда – қонақжайлылық және дамыған мешіттер желісі; Оңтүстік-Шығыс Азияда – ұжымшылдық және қауымдық өмір; Орталық Азияда – көшпелілердің мобильділігі мен ауыз мәдениеті.

Осылайша, автордың пікірінше, «Таблиғи жамағаттың» Қырғызстан мен Қазақстандағы танымалдылығын рухани номадизмнің жаһандық діни үлгісі мен мобильділіктің жергілікті тарихи-мәдени дәстүрлері арасындағы синергияның нәтижесі ретінде қарастыруға болады.

Байрам Балшының «Таблиғи жамағаттың Қырғызстанда таралуы: Үнді субконтиненті мен Орталық Азия арасындағы ислам байланыстарының қайта өрлеуі? (The rise of the Jama'at al Tabligh in Kyrgyzstan: the revival of Islamic ties between the Indian subcontinent and Central Asia?)» [2] атты ғылыми жұмысы Ұлы Моғолдар дәуірінде Үндістан мен Орталық Азия арасында ислами қатынастар көпғасырлық және тығыз байланыста болды дейді және бұл арақатынас патшалық отарлау мен Кеңес Одағы заманының діни репрессиясы ахуалында күрт әлсіреді. Алайда 1991 жылы Орталық Азия елдері тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін байланыстар біршама салаларда қайта жанданды. Бұл геосаяси өлкеде исламның жаңа қарқынмен өрлеуі Түркия, араб елдері және Үндістан ықпалымен болды. Зерттеулерде Үндістанның әсері жиі назардан тыс қалады. Алайда, оның аймақтағы орны мен маңыздылығы айқын, әсіресе Қырғызстан кейсінде өзекті тақырып. Тамыры үнділік болып табылатын «Таблиғи жамағат» діни қозғалысы бұл республикада ерекше танымалдыққа ие болды. 1920 жылдары британдық болған Үндістанда қалыптасқан «Таблиғи жамағат» негізгі ислами ілімдер мен тәжірибелерді насихаттайды және автордың пайымдауынша, саяси емес, бейрадикал діни ұстанымдағы қауымдастық. Жергілікті қырғыз билік органдары бұл топтың қызметіне жұмсағырақ қарайды, себебі оны мемлекетке қарсы шығуы мүмкін экстремистік ислами ағымдарға қарағанда ұстамды балама ретінде қарастырады.

Байрам Балшы «Орталық Азияның Үндістан субконтинентімен діни байланыстарын жаңғыртуы: Жамаат әл-Таблиғи (Reviving Central Asia's Religious Ties with the Indian Subcontinent: The Jamaat al Tabligh)» [3] атты тағы бір мақаласында діни қозғалыстың аумақтағы ахуалын толықтыра түседі. Ғалымның пікірінше, Үндістан мен Пәкістаннан келген ислам ағымдары КСРО ыдырауынан кейін айтарлықтай әсер етті. Тарихта бұл территорияда сопылық Нақшбандийа тариқаты ықпалды болды. Ахмад әл-Фаруки Сирхинди және Қожа Ахрар есімді беделді руханият көшбасшылары оларды нығайтуға ат салысқан. Орыс патшалығы мен Кеңес дәуіріндегі саяси

парадигманың өзгеруіне қарамастан бұл байланыстар сақталды. Тәуелсіздік жылдары әлемдік мұсылман қауымдастықтармен қатынастар қайта ілгерілеп, ислам тәжірибелеріне қайта жол ашылғандықтан, Нақшбандийа, Ахмадийа және Жамаат әл-Таблиғи сияқты діни ілімдер енді.

Алғашқы кезеңдерде Таблиғи жамағаттың таралуы араб елдері мен Түркиядан келген ислами идеологиялардың беріктігіне байланысты шектеулі болды. Алайда, Америка Құрама Штаттарында 11 қыркүйекте орын алған оқиғаға орай жергілікті мемлекеттік органдар Таблиғи жамағатты исламисттік фракцияларға қарағанда орташа көзқарастық балама ағым деп танып, оның саяси емес және бейбіт қызметі мен тәсілдемесіне тәзімді қарады. Қозғалыстың сипаты аумақтағы әр елдің ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі: Қырғызстанда ол ашық әрі белсенді қызмет етеді; қауіпсіздікке төндіретін қатер деп есептейтін Өзбекстан мен Тәжікстанда қатаң шектеулер мен құдалауға тап болады; ал Түркіменстанда тіпті Таблиғи жамағат мүлдем жоқ.

Таблиғи жамағат діни қозғалысы жалпақ бұқара стратегияны ұстанады, яғни есіктен есікке дейінгі уағыз айту мен қысқазерімді миссионерлік сапарларды ұйымдастыруға бағытталған қызмет. Бұндай әдіс әдетте әлеуметтік және діни құрылымдар әлсіз аудандарда ерекше тиімді. Бүгін қозғалыс бейсаясатшыл ұстанымды сақтап келгенімен, оның тұрмыстық жағдайы нашар жастар арасында танымалды-ғының артуы болашақта ықпал ету аясын кеңейтуі мүмкін. Автор тұжырымын былай қорытындылайды: Орталық Азия мен Үнді субконтиненті арасындағы тарихи діни байланыс әлі де өзекті, Таблиғи жамағат өңірде исламның қайта өрлеуіне өз үлесін қосуда. Бұл топ саяси көрініске әсер етпесе де, Орталық Азия мұсылмандары арасында таралуының өсуі трансшекаралық діни желілердің өзектілігін көрсетіп отыр. Егер әлеуметтік-экономикалық ахуал төмендесе, Таблиғи жамағаттың саясилануы мүмкін.

Махеш Ранджан Дебаттың «Таблиғи жамағат: әлемдік экстремизмнің шығу тегі (Tablighi Jamaat: the Fountainhead of Global Extremism)» [4] мақаласында Орталық Азиядағы ислам экспансиясы мен діни экстремизмнің әртүрлі қырларын қарастырады. Ғылыми талдаудың негізгі зерттеу нышаны – «Таблиғи жамағат», бұл мақалада да қозғалыс Қырғызстанда ерекше белсенді екені айтылады. Экстремизм қауіпін тудыруы мүмкін деген оймен «Таблиғи жамағат» ұйымы 2004 жылдан бері Өзбекстанда, Түркіменстанда және Тәжікстанда тыйым салынған, Қазақстанға келсе, 2013 жылдан бастап заңсыз болып есептеледі, ал Қырғызстанда тіпті мемлекеттің діни институты мұфтиятта уәкілеттігі бар. Орталық Азия өңірінде Таблиғи жамағат радикалды көзқарастарды насихаттайды және жастармен, студенттермен, сонымен қатар, кәсіпкерлерді үгітейді деп айыпалады.

Сондай-ақ, мақалада аймақтағы Қытайдың рөлі қарастырылған, ерекше назар Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданындағы мұсылман тұрғындарына бөлінген. Қытай бір жағынан энергетикалық және басқа да экономикалық

жобаларын жүзеге асыру мақсатында Орталық Азияға елеулі қаржы құяды, екінші жағынан өзінің территориясында экстремистік идеологиялардың таралу әлеуетіне байқап қарайды. Дебаттың ойынша, Орталық Азияда ислам тарихи тамырын жайған дін болса да, радикалдану қатері мен сыртқы саяси қысымға ұшырауы мүмкін.

Матейс Пелкманстың «Шекаралардың динамикасы: Орталық Азиядағы евангелиялық және таблиғилық миссиялары туралы ойлар (Frontier Dynamics: Reflections on Evangelical and Tablighi Missions in Central Asia)» [5] ғылыми шығармасы Кеңес Одағының ыдырауынан кейінгі Қырғызстандағы евангелиялық христиандар мен таблиғилық мұсылмандардың миссионерлік қызметіне арналған. Зерттеудегі тұжырымға сәйкес, діни топтардың екеуі де дамушы діни ортамен қарым-қатынас құруға талпынады, олар сенім мәселесінің мәдени бірегейлікпен және қоршаған әлеуметтік-саяси өзара байланысы барын көрсетеді. Пелкманс айырмашылық әдістері мен әр қозғалыс қолданатын ұйымдастыру үлгілерін айқындай отырып, салыстырмалы болжау құру әдісін ұсынады. Евангелиялық христиандар дараландырылған және нарықтық тәсілді қабылдайды және Қырғызстанды миссионерлік қызметке ашық алаң деп сипатталады. Ал, Таблиғи жамағатқа келетін болсақ, оның өкілдері жүйелі діни уағыз сапарлары арқылы қауымдық жұмысты жүзеге асырады. Бұндай рухани саяхаттарды олар «дағуат» деген атаумен танымал етіп, ұжымдық діни міндеттеме мен серт сезімін нығайтуға бағыттайды.

Белгісіз және рухани беймәлім кеңістікке қызметін енгізуді өздерін миссионерлер қалай қабылдайтынын сипаттау үшін «фронтир» ұғымын қолданады. Бұл тұжырымдама олар бетпе бет келетін мүмкіндіктер мен қиындықтарды көрсетеді, яғни қарым-қатынас құрудағы миссия мен күрделілік сезімін сипаттайды. Егер нарықтық зерттеу көзқарасына сәйкес тұтынушылар таңдауы мен бәсекелестікке назар аударатын діни тәжірибе қарастырылса, «фронтир» әдістемесі миссионерлік белсенділіктің эмоциялық және идеологиялық себептер мен мотивтерін анықтайды. Бұған қоса, ғалым бұндай миссияларды болжау мүмкін емес дейді, себебі олардың потенциалында гүлдену немесе құлдырау мүмкіндіктері де бар. Миссионерлердің тәжірибесі жиі олардың тереңге тамыр жайған көзқарастары мен жергілікті қауымдастықтар тарапынан туындайтын сыншыл және немқұрайлы қарым-қатынасы арасындағы қақтығысты көрсетеді. Қорытындылай келе, Пелкманс Орталық Азияның алуан түрлі саяси және мәдени ландшафтысы контекстіндегі діни үгіт-насихаттың негізінде жатқан күрделі әлеуметтік және эмоционалдық өзгерістер мен серпінді түсіну маңызды екенін айтады.

Иззет Ахмет Бозбейдің «Таблиғи жамағаттың Қырғызстандағы жартылай бәсекелес діни нарықтағы үстемдігі: діни нарықтық көзқарас (Local Adaptation and Cultural Exclusion: Thirty Years of Tablighi Jamaat in China)» [6] атты зерттеуі Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін не себепті

Қырғызстанда Таблиғи жамағат айтарлықтай тарағаны және оған қандай факторлар әсер еткенін сипаттайды. Зерттеуші діни экономика теориясы аясында өңірдегі басқа көрші мемлекеттерден ерекшеленетін Қырғызстанның өзгеше тарихи және саяси ахуалына көңіл бөледі, ашық діни ортадағы діни топтардың іс-қимылдары мен бәсекесін айқындайды. Таблиғи жамағаттың басқалардан айырмашылығы – оның «кезбе уағыз» әдісін қолдануы, яғни қарапайым бұқара халыққа бағытталған тұрақты сапарлар мен тікелей әрекеттесу сияқты амалдар. Бұндай бейімділік елдегі/аймақтағы басқа статикалық немесе институционалды құрылымданған ислам ұйымдары алдында бәсекеге қабілетті артықшылық береді.

Ғылыми жұмыста діни экономика теориясының қолданылуы себебі – тәуелсіздік алғаннан кейін Таблиғи жамағат сынды көптеген діни қозғалыстардың дамуына жағдай тудырған Қырғызстанның діни саласының либерализациясы мен диверсификациясын көрсету. Бұл құрылымға сәйкес, қағида бойынша, өскен діни бәсеке мен алуандылық жеке діни тәжірибе мен ұстанымды бекіте түседі. Бозбей аралас зерттеу әдісін қолданады – құжаттар деректерінің талдамасы мен тереңдетілген далалық жұмысты үйлестіру, оның ішінде Таблиғи жамағат мүшелерімен, мемлекеттік шенеуніктермен және басқа да маңызды субъектілермен сұқбат алу.

Бозбейдің зерттеуі тағы бір мәрте Қырғызстан билігінің Таблиғи жамағатқа салыстырмалы түрде төзімді қарым-қатынасын экстремалды исламистік топтармен салыстырғанда қауіпсіздік үшін азырақ қатер төндіреді деп танығандықтан деп түсіндіреді. Бұндай мемлекеттік стратегия діни плюралистік қоғамда тепе-теңдікті қамтамасыз ету бойынша прагматикалық талпынысты көрсетеді. Қорытынды тұжырымдарында Бозбей Таблиғи жамағаттың маңыздылығын Қырғызстанның орташа бәсекелестік діни ортасында кешенді талдауды ұсынады және жаһандық ислами қозғалыстардың ықпалын талдауды жергілікті әлеуметтік-саяси және мәдени шарттарды ескеру қажет дейді.

Шусань Таннның «Жергілікті бейімделу және мәдени оқшаулану: Қытайдағы Таблиғи жамағаттың отыз жылы» [7] атты мақаласы соңғы отыз жыл ішіндегі Қытайдағы Таблиғи жамағаттың орны мен дамуына арналған. Ғалымның пайымдауынша, Үндістанда пайда болған жаһандық ислами қозғалыс дінді ұстануды мұсылмандар арасында діни адалдықты оятуды көздейді. Таблиғи жамағат Қытайда 1980 жылдардың басында қызмет ете бастады және даму мен трансформацияның жекелеген үш кезеңін бастан кешті.

1980 жылдар мен 1990 жылдардың басын қамтыған алғашқы кезеңде Қытайдағы Таблиғи жамағаттың миссиясын көп жағдайда пәкістандық миссионерлер басқарды. Олар Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданындағы этникалық мұсылман топтармен жұмыс жасады, осылайша, елдің солтүстік және оңтүстік-батыс аймақтарға әсерін кеңейтті. 1990 жылдардың басына таман қозғалыс әртүрлі өңірлердің түкпір-түкпірінде көптеген орталықтар құрды,

бұл оның ілімін кеңірек таратуға мүмкіндік берді. Екінші кезең 1990 жылдардың ортасынан бастап шамамен 2010 жылға дейінгі уақытты алды, бұл аралыққа ұйымдастырушылық даму мен жергілікті мұсылмандардың қатысуының өсуі тән. Екінші кезеңде Таблиғи жамағат әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қоғамдық өмірге көбірек еніп байланыс түсті және жергілікті ислами әдет-ғұрыптарға әсер ете бастады. Дегенмен, қозғалыс кейбір мұсылман топтары мен жергілікті билік органдары тарапынан қарсыласумен бетпе бет келді. 2010 жылы басталған және бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан үшінші кезеңде қозғалыс қатаңырақ мемлекеттік бақылау мен күшейтілген қадағалауға бейімделді, бұл оның жұмысының басым бөлігі жасырын түрлеріне өтуіне әкелді. Алайда, ол өзінің қызметін сақтай алды, әсіресе Қытайдың оңтүстігіндегі «хуей» халықтары арасында.

Таблиғи жамағаттың Қытайдағы қызметінің барлық уақытында әр кезеңде қабылдау мен қарсыласу арасында ауысып отырды. Алғашқыда қытайлық мұсылмандардың көпшілігі қозғалысты ислам сенімінің нағыз көрінісі деп қарастырып қозғалысты қарсы алды. Бірақ, уақыт өте келе қарсыласу күшейді, әсіресе, қалыптасқан діни тәжірибелер мен әлеуметтік құрылымдарға деген әсерінен қауіптенетін діни билік өкілдері мен жергілікті қауымдастықтар тарапынан қорқыныш болды. Бұған қарамастан, Таблиғи жамағат төтеп бере алды және Қытайдағы белгілі мұсылман топтарының арасында ықпалын жоғалтқан жоқ.

Қорытынды

Жасалған зерттеу Орталық Азиядағы Таблиғи жамағат қозғалысының қызметін сипат-тауға мүмкіндік берді, оның белсенділігінің ішкі механизмдері мен дамуына әсер ететін сыртқы факторларды айқындайды. Эмиль Нәсрідinovтың жеке эмпирикалық деректеріне негізделген жұмысын талдау қозғалыстың басты ерекшеліктері – тұрақты миссионерлік сапарлар, қатаң өздігінен ұйымдасу, жеке рухани өзгерістерге басты назар қою және физикалық ауысу мен ішкі діни даму арасындағы тығыз байланыс екенін көрсетті. Қырық күндік сапардың қатысушысы ретінде автордың тәжірибесі жамағаттың күнделікті тәжірибелерін, ішкі тәртіп жүйесін және жаңа мүшелерді тарту әдістерін анықтады.

Бұл деректерді басқа зерттеушілердің тұжырымдарымен теңеу бірқатар көріністерді анықтауға мүмкіндік берді:

1) Байрам Балшы Орталық Азияда Таблиғи жамағаттың таралуы аймақ пен Үнді суб-континентінің арасындағы тарихи діни байланыстардың қайта қалпына келуімен байланысты дейді, сонымен қатар жергілікті шарттарға қозғалыстың бейімделу ікемділігі рөл ойнады. Бұл Нәсрідinovтың бақылауларымен де расталады, яғни ол байырғы көшпенді халықтардың мәдениетіне таблиғилық тәжірибенің жеңіл интеграциялана алуын айтады.

2) Махеш Ранджан Дебат қозғалысты жаһандық ислами миссионерлік желінің

бір бөлігі ретінде қарастырады, ал Орталық Азия стратегиялық орындардың бірін алады. Оның халықаралық байланыстар мен тәжірибе алмасудың маңыздылығы туралы тұжырымдары Нәсіретдиновтің ірі жиналыстар (ижтема) мен аймақаралық сапарлардың рөлі туралы деректерімен сай келеді.

3) Матейс Пелкманс пен Иззет Ахмет Бозбей әлеуметтік-саяси контекстке назар салады: салыстырмалы түрде либералды режимі бар елдерде (Қырғызстан) қозғалыс қызмет жасау үшін ресми немесе жартылай ресми мүмкіндік алады, ал авторитарлық жүйелерде (Өзбекстан, Тәжікстан) қозғалыс жасырын әрекет етеді. Бұл пікірлер өлкеде жамағаттың таралуындағы айырмашылықтарды көрсетеді.

4) Шусянь Тан Таблиғи жамағаттың жетістігінің негізінде горизонталды желілерді құру мен этникалық, әлеуметтік және ұлттық қайшылықтардан өтіп ортақ үмбет сезімін қалыптастыру қабілеттілігі жатыр. Нәсірдиновтың бірлескен сапарлар аясындағы әртүрлі елдерден келген мұсылмандардың қарым-қатынасын сипаттайтын далалық бақылаулары бұл тезисті дәлелдейді.

5) «Таблиғи жамағат» қозғалысы туралы Байрам Балшы, Махеш Ранджан Дебат, Матейс Пелкманс еңбектерін талдау Орталық Азияда кездесетін діни және идеологиялық ағымдар мәдени және діни әртүрлілікпен қатар тұрақсыздық қаупін де әкелетінін көрсетеді. Балшы сыртқы исламдық ықпалдар (оның ішінде Түркия, Пәкістан және араб елдері) діни өмірдің плюрализациясына әкеледі, бірақ діни бәсекелестікке дайын емес авторитарлық режимдерге қиындықтар туғызады дейді. Дебат «Таблиғи жамағат» сияқты экстремистік желілерді тұрақсыздандыратын күш ретінде қарастырады және репрессиялар мен идеологиялық қысым, әсіресе Шыңжаң сияқты шекаралас аймақтарда радикалдануға қарсы тұруға себеп болуы мүмкін деп көрсетеді. Пелкманс «шекарада» және әлеуметтік оқшауланған аймақтарда жұмыс істейтін миссионерлік бастамалардың осал екенін және үкімет қысымымен немесе ішкі тұрақсыздыққа байланысты қолдауды тез жоғалтуы мүмкін екенін айтады. «Таблиғи жамағат» контекстінде бұл пікірлер ерекше маңызды, себебі қозғалыс өзін саясаттан тыс және бейбітшіл деп көрсетсе де, Орталық Азия өлкесінде оны билік ресми идеологияға қайшы келетін радикалданудың және жабық діни бірлестіктерді қалыптастырудың әлеуетті арнасы ретінде қарастырады. Сонымен қатар, қауіп тек саясиаланудың ықтималдығы ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы құндылық бағдарларының біртіндеп өзгеруінде жатыр, ол аймақтағы діни және саяси шиеленістерді күшейтуі мүмкін.

Осылайша, ішкі көзқарас (қатысушының тәжірибесі) мен сыртқы талдау (академиялық теориялық зерттеулер) Таблиғи жамағаттың екіжақты табиғатын анықтады. Біріншіден, Таблиғи жамағат – тұрақты рухани сапарларға негізделген жаһандық миссионерлік үлгіні көрсететін діни қозғалыс. Ол мәдени феномен ретінде байырғы көшпелі қоғамдардың тарихи мобильділігіне, ауызекі дәстүрлерге және әлеуметтік құрылымдарға бейімделе алады. Екіншіден, қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік-саяси ахуалдардың өзгерістеріне және сыртқы ықпалдарға байланысты қозғалыстың саясилану қаупі бар.

Қаржыландыру

Ғылыми мақала ҚР ҒЖБМ ҒК қаржыландыруы аясында BR21882428 «Постқалыпты кезеңдегі исламның рухани, мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен болашағы: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі» жобасы бойынша дайындалған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Nasritdinov E. Spiritual Nomadism and Central Asian Tablighi Travelers // Ab Imperio. – 2012. – N 2. – P. 145-167.
- 2 Balci B. The rise of the Jama'at al Tabligh in Kyrgyzstan: the revival of Islamic ties between the Indian subcontinent and Central Asia? // Central Asian Survey. – 2012. – Vol. 31, Is.1. – P. 61-76.
- 3 Balci B. Reviving Central Asia's Religious Ties with the Indian Subcontinent: The Jamaat al Tabligh // Religion, State and Society. – 2015. – Vol. 43, Is. 1. – P. 20-34.
- 4 Debata M.R. Tablighi Jamaat: the Fountainhead of Global Extremism // Indian Studies Review. – 2022. – Vol. 3, No. 1. – P. 1-19.
- 5 Pelkmans M. Frontier Dynamics: Reflections on Evangelical and Tablighi Missions in Central Asia // Comparative Studies in Society and History. – 2021. – Vol. 63, Is. 1. – P. 212-241.
- 6 Tang Sh. Local Adaptation and Cultural Exclusion: Thirty Years of Tablighi Jamaat in China // International Journal of Social Science Research. – 2022. – Vol. 10, No. 2. – P. 256-271.

Transliteration

- 1 Nasritdinov E. Spiritual Nomadism and Central Asian Tablighi Travelers // Ab Imperio. – 2012. – N 2. – P. 145-167.
- 2 Balci B. The rise of the Jama'at al Tabligh in Kyrgyzstan: the revival of Islamic ties between the Indian subcontinent and Central Asia? // Central Asian Survey. – 2012. – Vol. 31, Is.1. – P. 61-76.
- 3 Balci B. Reviving Central Asia's Religious Ties with the Indian Subcontinent: The Jamaat al Tabligh // Religion, State and Society. – 2015. – Vol. 43, Is. 1. – P. 20-34.
- 4 Debata M.R. Tablighi Jamaat: the Fountainhead of Global Extremism // Indian Studies Review. – 2022. – Vol. 3, No. 1. – P. 1-19.
- 5 Pelkmans M. Frontier Dynamics: Reflections on Evangelical and Tablighi Missions in Central Asia // Comparative Studies in Society and History. – 2021. – Vol. 63, Is. 1. – P. 212-241.
- 6 Tang Sh. Local Adaptation and Cultural Exclusion: Thirty Years of Tablighi Jamaat in China // International Journal of Social Science Research. – 2022. – Vol. 10, No. 2. – P. 256-271.

АВТОР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Айкерім Алтайқызы

шақырылған ғалым, PhD, Стэнфорд университеті, Стэнфорд, АҚШ, email: aikerim.altaikyzy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-9689-4592

Айкерим Алтайқызы

приглашенный ученый, PhD, Стэнфордский университет, Стэнфорд, США, email: aikerim.altaikyzy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-9689-4592

Aikerim Altaikyzy

Visiting Scholar, PhD, Stanford University, Stanford, USA, email: aikerim.altaikyzy@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-9689-4592